

## Қазақстан Республикасында Мемлекеттік қорықтар мен ұлттық табиғат парктерін дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 шілде 1993 ж. N 607

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті республикада қорықтарды дамыту ісінде қолайсыз ахуал қалыптасқанын атап көрсетеді.

Материалдық-техникалық және қаржылық жағынан қамтамасыз етудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы салдарынан жұмыс істеп тұрған қорықтар, ұлттық табиғат парктері мен басқа да айрықша қорғауға алынған табиғат аумақтары өздеріне жүктелген міндеттерін орындай алмай отыр. Жаңадан ұйымдастырылып жатқан айрықша қорғауға алынатын аумақтарына жер бөлу мәселесі баяу шешілуде.

Қорықтар мен ұлттық табиғат парктерді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорықтары мен ұлттық табиғат парктерін дамыту жөнінде кешенді шаралар (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесіп, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары мен бюджетінің жобасын әзірлеген кезде жыл сайын мемлекет қажеттерінің құрамында мемлекеттік қорықтар мен ұлттық табиғат парктерін ұйымдастыру мен көркейтуге арналған орталықтандырылған қаржы бөлуді көздерін.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1993 жылғы 1 қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына Қазақстан Республикасының Табиғат-қорық қорының объектілерін дамыту және орналастырудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған схемасын енгізісін.

4. Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік қорықтар мен ұлттық табиғат парктер аумағынан басқа ұйымдарды шығару туралы мәселені 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін шешсін.

5. <\*>

Ескерту. 5-тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.01.09.

N 31 қаулысымен.

P960031\_

6. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігіне қорықтар мен ұлттық табиғат парктердің ғылым

кандидаты, докторы ғылыми атағы бар қызметкерлеріне лауазымдық еңбек ақысының 30 проценті көлемінде дербес қосымшалар белгілеуге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 14 шілдедегі  
N 607 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қорықтар мен  
мемлекеттік ұлттық табиғат парктерін дамытудың  
Кешенді шаралары  
(Кесте)